

"Uplink" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы Садчиков ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 24 қазандағы № 11-ш шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 18-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 31-бабына сәйкес Қостанай ауданының Садчиков ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Uplink" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне аумақта орналасқан ауданы 3,0532 гектар бөлінбейтін жер учаскесіне шектеулі нысаналы жер пайдалану құқығы (жария сервитут) белгіленсін Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Садчиковка ауылы, Константиновка ауылы ТОБЖ жобалау және төсеу үшін.

2. "Қостанай ауданының Садчиков ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қостанай ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастыруы қамтамасыз етілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Н. Айтмагамбетов